

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Орталық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бұйрығымен бекітілген және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

СЖТІТ Орталықтағы комплаенс-офицерінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының 10-тармағын орындау мақсатында жұмыс тобының мүшелері Орталық Басқарма төрағасының 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 94 н/к бұйрығы негізінде жүргізілді.

СЖТІТ объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылғы 1 наурыздан 2025 жылғы 1 наурызга дейін.

СЖТІТ жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 3 наурыздан 17 сәуір аралығында.

СЖТІТ мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Орталық қызметіне тиесілі ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ үшін ақпарат көздері:

- 1) Орталықтың қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар (Жарғы, Орталықтың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер, нұсқаулықтар, өзге де нормативтік құқықтық актілер);
- 2) Орталықтың қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептемесі;
- 3) Орталықтың қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) Орталыққа қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 6) бұрын жүргізген СЖТІТ нәтижелері;
- 7) Орталық қызметкерлерінен сұрастыру нәтижелері.

1. Орталықтың қызметіне тиесілі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық өз қызметін жүзеге асыратын негізгі заңнамалық актілері ретінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының Салық және Бюджет Кодекстері «Мемлекеттік мұлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы істуралы», «Жемқорлық нормативтік күжаттары (қағидалар, нұсқаулықтар, Орталықтың ішкі нормативтік күжаттары (қағидалар, нұсқаулықтар, күрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және т.б.). болып табылады.

Жүргізілген ішкі талдаудың барысында Орталықтың және оның күрылымдық бөлімшелерінің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок, сыбайлас жемқорлық нормалары, қайшылықтар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер табылған жок.

2) Орталықтың ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Персоналды басқаруга байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, персоналды жұмысқа қабылдау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Орталықта персоналды басқару мәселелерін, оның ішінде персоналды іріктеу мен ротациялауды реттейтін ішкі күжаттар бекітілген.

Осылайша, Басқарма төрағасының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 2 шешімімен бекітілген Орталықта қызметкерлерді іздеу, жұмысқа қабылдау, тағайындау және қызметке қабылдау қағидаларының талаптары жеке тұлғаларды Орталыққа жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады. Бос орындар туралы ақпарат корпоративтік веб-сайттың «Бос жұмыс орындары» бөлімінде орналастырылған. Үміткерлерді бастапқы іріктеу кезінде үміткерлердің лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау үшін барлық алынған түйіндемелерге талдау жасалады, содан кейін лауазымға үміткер кәсіби білімін тексеру және күрылымдық бөлімше басшысымен әңгімелесу кезеңдерінен өтеді.

Орталықта штаттық кестеде көзделген лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді және енгізілді. Жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінін (бұдан әрі – ММСБ) заңгері функционалдық міндеттеріне сәйкес Орталықтың қызметіне қатысты құқықтық мәселелердің барлық спектрін қамтитыны, яғни іс жүзінде бүкіл Орталықтың заңгері болып табылатыны анықталды.

ММСБ штатында заңгердің болуы лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес ММСБ басшысына және ММСБ бағынатын Орталықтың бас экономистіне тікелей бағынуын білдіреді. Өз кезегінде Орталықтың қаржылық блогына басшылық етуді Басқарма төрағасының бірінші орынбасары жүзеге асырады.

Бұл зангердің тәуелсіздік қағидатын бұзады және оның қызметі барысында мұдделер қақтығысын тудыра алады, өйткені зангердің құқықтық пікірі ММСБ және Орталықтың жоғарыда аталған лауазымды тұлғаларының мұдделеріне байланысты болуы мүмкін, бұл сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қаупін тудырады.

СЖТП кезінде қоғамдық талқылау барысында аталған жағдай мұқият талданып, ҚР ДСМ Заң департаментімен тиісті консультациялар өткізу және сыйайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы расталған жағдайда ҚР ДСМ келісім бойынша оларды жою немесе барынша азайту туралы шешім қабылданды.

Орталықта сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықты бұрын жасаған қызметкерлер анықталған жок.

Жұмысқа орналасу кезінде кандидат құқық бұзушылықтың бары (жоғы) туралы уәкілетті орган берген анықтаманы ұсынады.

Үлгілік еңбек шартында қызметкердің бұрын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны анықталса, жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы болатыны норма ретінде жазылған.

Адами ресурстарды сактау және дамыту мақсатында Орталық келесі ішшараларды жүзеге асырады:

- Орталық Басқармасының 2025 жылғы 20 қаңтардағы № 2 шешімімен Орталық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ереже әзірленді және бекітілді;
- кадрлық резервті жыл сайын жаңарту және іріктеу арқылы кәсіби өсу мен біліктілігін арттыру үшін жағдайлар мен перспективалар жасалады, осы мақсатта жыл сайын жұмыс берушінің қаражаты есебінен біліктілікті арттыру және қайта даярлау жоспары әзірленеді және бекітіледі;
- жаңартылатын әлеуметтік пакет бар: материалдық көмек, еңбек демалысы үшін жыл сайынғы сауықтыру жәрдемақысы, санаторлық жолдамалары үшін өтемақы, сыйақылар.

Орталықта қаралып отырған кезеңде (2024 жылғы 1 наурызынан бастап 2025 жылғы 1 наурызға дейін) 48 қызметкер жұмыстан босатылып, 47 қызметкер жұмысқа қабылданды. 8 қызметкердің ротациясы жүргізіліп, оның ішінде 7 қызметкер жоғарылатылды және 1 қызметкер тенестірілген лауазымдарға ауыстырылды. Бір қызметкерге жаза қолданылды, 13 қызметкер марапатталды (мереке күндері марапатталғандарды қоспағанда).

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері тараپтардың келісімі бойынша және қызметкердің бастамасы бойынша болып табылды. Теріс себептермен жұмыстан шығарулар болған жок. Қылмыстық және

әкімшілік жауапкершілік фактілері, соның ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жок.

Талданған кезеңде Орталықтың 164 қызметкери біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Орталықта 312 жеке тұлға жұмыс істейді (2025 жылғы 1 науырызы жағдай бойынша), оның 15-і бір-бірімен туысқандар. Алайда олардың қызметі тікелей бақылауда емес.

Орталық басшылығының әртүрлі белсенді заңды тұлғаларда құрылтайшы, кеңес мүшесі ретінде қатысуы, толық емес жұмыс күні және т.б. қатысты мәліметтер түскен жок.

Сыйбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар және Орталық қызметінің бағыттары бойынша рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен ережелерін бұза отырып қабылданған шешімдер бойынша қаралған кезеңде өтініштер түскен жок.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тауекелдерін анықтау.

Орталықта сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулыққа, Орталықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына және Іскерлік этика қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған.

Орталықта сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар түсіндіру жұмыстарын жүргізу, Орталық қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сактау мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын өткізу, бейнероликтер көрсету арқылы жүзеге асырылады. Өткізілген іс-шаралар туралы есептер Орталықтың сайтында уақытылы жарияланады.

Орталық қызметінің маңызды бағыттарының бірі – сабактар мен семинарлар өткізуді қоса алғанда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сактауды насиҳаттау.

Комплаенс-офице Орталықта сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы зерделеу сабактарын үнемі өткізеді (хаттамалары бар).

Талдау жүргізілген кезеңде Орталық қызметкерлерімен әдеп және қызметтік мінез-құлық нормаларын сактау, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген, оның ішінде сыйлықтар алуға, өзге де ақылы жұмыстарды орындауға, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында өтініштер туралы хабарлау міндетіне қатысты тыйымдардың, шектеулер мен талаптардың сакталуы бойынша ұйымдастыру түсіндіру іс-шараларының кешені өткізілді.

Орталық сайтында «Комплаенс-қызметі» деп аталатын бөлім бар, онда барлық ақпараттық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттама, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарлары, іс-шаралар туралы хабарландырулар мен есептер, сайттың бұл бөлімі үнемі жаңартылып отырады.

Осы сайтта комплаенс-офицердің (WhatsApp мессенджері қосылған) тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны көрсетілген, осы нөмір бойынша азаматтар Орталық қызметкерлері тарапынан орын алған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы (қалаған кезде жасырын) хабарласа алады.

Орталықта құпия ақпараттандыру арналары, оның ішінде «жедел желі» әзірленді және жұмыс істейді, олар арқылы қызметкерлер мен үшінші тұлғалар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзылуары туралы өз алаңдаушылықтарын білдіре алады.

Есеп беру және оны қарау тәртібі және хабарлама тетігіне қатысты басқа да ережелер Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы фактілер мен ықтимал бұзушылықтар туралы ТФӨО қызметкерлерін хабардар ету тәртібінде белгіленген.

Орталық өтініш берушінің құқықтары мен заңды мұдделерінің қорғалуына, оның ішінде қызметкердің жұмыс орнының сақталуына кепілдік береді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар және Орталық қызметінің бағыттары бойынша рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен ережелерін бұза отырып қабылданған шешімдер бойынша қаралған кезеңде өтініштер түскен жок.

Kompra.kz және Adata.kz сервистерін пайдалана отырып, 2024 жылы мемлекеттік сатып алу конкурстарын жеңіп алған контрагенттер сенімділігіне кешенді тексеру жүргізілді. Сондай-ақ Орталықтың лауазымды тұлғаларына, оның ішінде маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімдерінің қызметкерлерінің сәйкестігі тексерілді.

Жүргізілген тексерістердің нәтижесінде мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықты бұзу немесе басқа да құқық бұзушылық фактілері анықталған жок.

Осылайша, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасуға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықтағы мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Занының ережелеріне және «Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алу рәсімдері, сондай-ақ шарттар жасасу goszakup.gov.kz электронды веб-порталында және Орталықтың ресми интернет-ресурсында ТМККК (Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) шеңберінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен дәрілік заттарды сатып алу кезінде жүзеге асырылады, бұл мемлекеттік сатып алушар туралы шарттарды жасасудың ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етеді және сатып алуға қатысушылардың өкілеттіктерін барынша азайтады.

Қаралатын кезенде мемлекеттік сатып алу Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Сатып алуды өткізу тәсілі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының, сондай-ақ Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының талаптарына сәйкес айқындалады.

Өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу тендерлерге қатысатын жалғыз әлеуettі өнім берушінің конкурсы болмаған жағдайда қайталама конкурстар өткізілгеннен кейін жүзеге асырылды. Сонымен қатар, коммуналдық қызметтерді берушілерден қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңың 39-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Нақты өнім берушіге арналған техникалық ерекшелікті жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында конкурс және аукцион тәсілімен, сондай-ақ әлеуettі өнім берушілерге техникалық ерекшелікпен алдын ала танысуға, ал қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманың «іске алынбайтын» құжатының шарттарына қарсы шығуға мүмкіндік беретін конкурс (қағаздағы сатып алу) тәсілімен сатып алу кезінде алдын ала талқылау енгізілді. Бұл талқылаудың рәсімі ашық түрде, веб-портал арқылы 5 күн бойы жүргізіледі.

Өтінімдерден негізсіз бас тартуды болдырмау мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысушыларға өтінімдерді ашқаннан кейін құжаттарды өзара қару мүмкіндігі беріледі, бұл тапсырыс беруші қабылдаған шешімдердің негізділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Өтініштер қабылданбаған жағдайда өнім берушілерге растайтын құжаттармен толық және оның нақты себептері көрсетіледі.

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Орталықтың басшысы және/немесе бірінші басшыны алмастыратын, лауазымы орынбасарынан төмен емес тұлға бекіткен бұйрық негізінде сатып алу тәсілін қолдану негізdemесі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде тиесілілік фактілері анықталған жок.

Қаралып отырған кезенде мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнаманың бұзылуына қатысты сыйбайлас жемқорлық сипаттағы бұзушылықтарға шағымдар түскен жок.

Орталық қызметкерлерінің контрагенттер өкілдерімен ықтимал қосылуын тексеру іс-шаралары заңды тұлғалардың ағымдағы басшыларының сәйкестендіру деректерін Орталықтың лауазымды адамдарымен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік және қаржылық қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыйбайлас жемқорлық тауекелдерін анықтау.

Орталықтың қызметін қаржыландыру даму жоспарына сәйкес өз кірісі және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алғынған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Кәсіпорынның бюджеттік қаражаты 2024 жылдың аяғында медициналық қызметтерді сатып алу шарты бойынша ТМККК шеңберінде 6 860 660,12 мың теңгені құрады.

Ақылы қызмет көрсетуден түсken түсім 280 330,83 мың теңгені, мемлекеттік субсидиялардан түсken түсім 105 503,81 мың теңгені және өзге де түсімдер 12 092,77 мың теңгені құрады. 2024 жылға жалпы түсімдер 7 258 587,53 мың теңгені құрады.

Игеру:

2024 жылдың қорытындысы бойынша шығыстар 7 180 234,36 мың теңгені құрады, оның ішінде мынадай шығыстар:

- негізгі өндіріс бойынша 6 651 977,08 мың теңге сомасында, оның ішінде еңбекақы салықтары бойынша 153 413,97 мың теңге;
- 327 926,17 мың теңге әкімшілік шығыстар, оның ішінде жалақы салығы 14 069,35 мың теңге, мұлік салығы 1 275,79 мың теңге, жер салығы 816,25 мың теңге;

басқа шығыстар 198 239,07 мың теңге сомасында.

Қалған қаражат 270 325,40 мың теңге, оның ішінде кассада 6 149,26 мың теңге.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыйайлар жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Салықтарды және басқа төлемдерді жинауга байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық салықтар мен басқа да төлемдерді алу функцияларын жүзеге асырмайды.

Орталық корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей таза кірістің бір бөлігін тиісті бюджетке аударады.

Салықтарды және басқа төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық ақпараттық жүйелерді әзірлеу функцияларын жүзеге асырмайды.

Құрылымдық бөлімшелер өз функцияларын орындау кезінде келесі ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

1. InfoDonor;
2. «1С-рейтинг: Қазақстан үшін мемлекеттік кәсіпорынның бухгалтериясы» бағдарламасы;

3. Қазақстан Республикасының ДСМ деңсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі;

4. РБЖ (ресурстарды басқару жүйесі);

5. МЖБЖ (медициналық жабдықты басқару жүйесі).

Бұл ақпараттық жүйелер қалыпты жұмыс істейді.

Осылайша, ақпараттық жүйелердің жұмысына байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Рұқсат ету функцияларын жүзеге асыруға байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Бақылау-аудиторлық функцияларды жүзеге асырумен байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық бақылау және аудит функцияларын жүзеге асырмайды.

Қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз етуге байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталық «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялады.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жақсарту бойынша тиімді кері байланыс жүйесін құру мақсатында Орталық халықпен өзара іс-қимыл жасайды:

- Орталық басшылығы азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- өтінімдер Орталықтың веб-сайты, әлеуметтік желілер және ресми электрондық пошта арқылы қабылданады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптарда олардың шешімге шағым жасау құқықтары туралы түсіндірмелер берілуге тиіс.

Сонымен қатар сенім телефоны, анықтама телефондары да бар. Сыйайлас жемқорлық заңнамасының бұзылуы туралы ұсыныстар мен шағымдар үшін тәулік бойы жұмыс істейтін сайтта комплаенс қызметкерінің телефоны жарияланған.

Орталықтың қызметі туралы ақпарат сайтта және әлеуметтік желілерде уақытылы жаңартылып отырады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бойынша тұрақты жұмыс жасаланады.

Осылайша, Орталық қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз етуге байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Орталықтың заңгеріне қатысты ҚР ДСМ Заң департаментімен расталған жағдайда тиісті консультациялар өткізу, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы расталған жағдайда ҚР ДСМ келісе отырып, оларды жою немесе барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау.
2. Орталықтың сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымды тұлғаларының тізбесін өзірлеу;
3. Көрсетілген тұлғалармен Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының сақталуын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу;
4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзірлеу;
5. Талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күн ішінде Орталық сайтына орналастырылсын;
6. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасының талаптарын іске асыру бойынша Орталық қызметкерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру. Осы мақсатта жүйелі түрде профилактикалық дәрістерді өткізу;
7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелері бойынша жұмысты жалғастыру;
8. 2025 жылды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және ұсыныстардың орындалуын бағалауды жүзеге асыру.

Комплаенс-офицер

Басқарма төрағасы

N. Rakymjanov
29.04.2025

Н. РАҚЫМЖАНОВ

С.Абдрахманова